

Бекітемін.

Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі
мемлекеттік мекемесі
«Қарашатау жалпы орта білім
беретін мектебінің
директоры А.О.Биханова
09.09.2022 жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бос лауазымға тағайындау үшін ашық конкурс жариялайды»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орыс тілі пәнінің мұғалімі жүктемесі 16 сағат.

Мекен-жайы: Әйтеке би ауданы, Құмқұдық ауылы, Б.Бисембаев көшесі №1 үй.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Байланыс телефоны: 8 713 39 42 229; Электронды пошта: Qarashatau.yandex.kz

Лауазымдық міндеттері: оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес және «құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасының негізінде оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады, білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім алушының жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді.

Оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді түрлерін, әдістері мен құралдарын қолданады. Қысқа мерзімді жоспарларды, бөлімдер мен тоқсанның суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды жасайды. Электронды журналды толтырады. Жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген оқушылар мен деңгейден төмен емес тәрбиеленушілердің пәндік нәтижелерін, отбасылық қызметтік, тұлғалық жетістіктерін қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады, оқу жоспары мен процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді. Әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің, желілік қоғамдастықтың отырысына қатысады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін қызығушылығы мен бейімділігін зерттейді. Арнайы (түзету) білім беру мекемелеріндегі оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, дамуында ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады. Кәсіби құзыреттілігі, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырады.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды. Білім беру процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді. Ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын орындайды.

Білім беру процесі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Лауазымдық жалақысы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Қарашатау жалпы орта білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі орыс тілі пәнінің мұғалімі үшін 150-170 мың теңге аралығын құрайды.